



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№22 БАСПАСӨЗ Р Е Л И З І
2010 жылғы 5 қазан**

**Қаржы нарығындағы ахуал, төлем балансы
және сыртқы борыш туралы**

1. Инфляция

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің ресми деректері бойынша инфляция 2010 жылғы қыркүйекте 0,6% (2009 жылғы қыркүйекте – 0,4%) болды. Азық-түлік тауарларының бағасы 0,4%-ға (0,3%-ға төмендеу), азық-түлікке жатпайтын тауарлар - 0,5%-ға (0,7%-ға) және ақылы қызмет көрсету 0,8%-ға (1,0%-ға) өсті.

Азық-түлік тауарлары нарығында өткен айда көп дәрежеде жарма – 5,5%-ға, бидай ұны – 3,6%-ға, май және тоңмай – 3,2%-ға, темекі өнімдері – 1,9%-ға, жұмыртқа және сүт өнімдерінің әрқайсысы 1,1%-ға қымбаттады. Жемістер мен көкөністер – 3,0%-ға арзандады.


Азық-түлікке жатпайтын тауарлар тобында көбінесе, сұйытылған газ бағасы – 6,0%-ға, қатты отын – 1,1%-ға, газеттер, кітаптар және кеңсе тауарлары – 0,7%-ға, киім және аяқ киім – 0,4%-ға, дәрі-дәрмектер мен үй тұрмысы заттары – 0,3%-ға және бензин – 0,2%-ға өсті.

Ақылы қызмет көрсету құрылымында тұрғын үй-коммуналдық қызмет көрсету қызметі үшін ақы төлеу 0,5%-ға көтерілді. Бұл ретте ыстық су 1,0%-ға қымбаттап, электр энергиясы мен орталық жылу ақысы өзгеріссіз қалды. Білім беру қызметінің бағасы 5,9%-ға (негізінен жоғарғы білім беру қызметінің 11,0%-ға қымбаттауы есебінен), көлік қызметі – 0,6% өсті.

2010 жылғы қаңтар-қыркүйек қорытындылары бойынша инфляция 5,2% (2009 жылғы қаңтар-қыркүйек үшін – 4,7%) қалыптасты (1-график).

1-график

2009 және 2010 жж. қаңтар-қыркүйектегі инфляция және оның құрамдас бөліктері



2010 жылғы қыркүйектің қорытындылары бойынша инфляция жылдық көрсетуде 6,7% (2009 жылғы желтоқсанда – 6,2%) болды. Азық-түлік тауарларының бағасы 6,5%-ға (3,0%), азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 5,6%-ға (8,6%), ақылы қызмет көрсету – 8,1%-ға (8,4%) өсті.

2. Төлем балансы және жалпы сыртқы борыш

2010 жылғы 1-жартыжылдықтағы ағымдағы операциялар шотының профициті 2009 жылғы 1-жартыжылдықтағы 4,0 млрд. АҚШ долл. дефицитпен салыстырғанда 4,9 млрд. АҚШ долл. құрады.

2010 жылғы 1-жартыжылдықта Brent сұрыпты мұнайдың әлемдік бағасы орташа алғанда бір баррель үшін 77,67 АҚШ долл. болды, бұл 2009 жылғы 1-жартыжылдықтағы орташа деңгейінен (бір баррель үшін 52,06 АҚШ долл.) 49%-ға жоғары. Нәтижесінде тауарлардың экспорты шамамен 30 млрд. АҚШ долл. құрады, бұл 2009 жылғы 1-жартыжылдықпен салыстырғанда 70,9%-ға көп.

Тауарлардың ресми экспорты 29,6 млрд. АҚШ долл. құрады, оның ішінде 18,7 млрд. АҚШ долл. (63%-дан аса) мұнай мен газ конденсатының экспортына тиесілі. Мұнай мен газ конденсаты экспортының өсуі, негізінен, келісімшарттық бағалардың өсуімен қамтамасыз етілді. Қара металл экспортының құны 47%-ға, түсті металдардікі 57%-ға артты. Түсті металдар экспортының ұлғаюы келісімшарттық бағалардың өсуіне байланысты болды, ал қара металл экспортының ұлғаюы сандық көлемнің, сол сияқты келісімшарттық бағалардың өсуімен қамтамасыз етілді.

Тауарлардың импорты 2009 жылғы 1-жартыжылдықтағы деңгейде қалыптасып, 13,4 млрд. АҚШ долл. құрады, оның 13,0 млрд. АҚШ доллары (2009 жылғы 1-жартыжылдықта 13,2 млрд. АҚШ долл.) ресми импортқа тиесілі. Импорттық номенклатураның негізгі тауар топтары бойынша ресми импорт құнының төмендеуі инвестициялық тауарлар тобында ғана (25%-ға), әсіресе, тұрба құбыры өнімі әкелінуінің төмендеуі (2009 жылғы 1-жартыжылдықта бұл өнімнің импорты Қазақстан-Қытай тұрба құбыры бойынша жұмыстардың жандануына байланысты өсті) байқалды. Импорт құнының едәуір бөлігін құраған аралық өнеркәсіптік тұтыну тауарларының импорты 2010 жылғы 1-жартыжылдықта 24%-ға, тұтыну тауарлары 10%-ға ұлғайды. Тұтынушылық импорттың құрылымында азық-түлік және азық-түлікке жатпайтын тауарлардың жиынтық әкелінуі тиісінше 22%-ға және 2,0%-ға өсті.

Нәтижесінде 2010 жылғы 1-жартыжылдықта сауда балансы 2009 жылғы 1-жартыжылдықпен салыстырғанда 4 есе өсіп, 16,5 млрд. АҚШ долл. оң сальдоммен қалыптасты.

Қызмет көрсету балансының дефициті 2,8 млрд. АҚШ долл. болды. 2009 жылғы 1-жартыжылдықпен салыстырғандағы 12,2% өсім (2009 жылғы 1-жартыжылдықта 2,5 млрд. АҚШ долл.) Қашаған кен орындарындағы тәжірибелік-өндірістік әзірлемелердің жандануына қатысты қызмет көрсету импортының өсуіне байланысты.

Тауарлар экспортынан түскен түсімдердің өсуі салдарынан экономиканың тиісті салаларының тікелей шетелдік инвесторларының кірістері ұлғайды. Тікелей инвестициялау қарым-қатынастарымен байланысты емес кредиторларға сыйақы төлеудің біршама төмендеуі кезінде (1,8 млрд. АҚШ долл. 1,2 млрд. АҚШ долл. дейін) тікелей инвесторларға төлемдер 77% ұлғайып, 7,5 млрд. АҚШ долл. жетті, бұл инвестициялық кірістер балансының теріс сальдосының 2009 жылғы 1-жартыжылдықтағы 4,6 млрд. АҚШ долл. 7,9 млрд. АҚШ долл. дейін өсуіне себепші болды.

2010 жылғы 1-жартыжылдықта капиталмен және қаржымен операциялар шоты бойынша нетто-ағын 0,9 млрд. АҚШ долл. болды. Қазақстанға шетелдік тікелей инвестициялардың таза түсуі 5,8 млрд. АҚШ долл. құрады. Шетелге тікелей инвестициялар бойынша нетто-ағын 0,6 млрд. АҚШ долл. жуық болды, бұл «Қазмұнайгаз» ҰК» АҚ-ның өзінің еншілес кәсіпорны алдындағы 1,5 млрд. АҚШ долл. сомасына еурооблигацияларды шығару есебінен (2010 жылғы 2-тоқсанда) міндеттемелерінің өсуімен байланысты. Нәтижесінде, тікелей инвестициялау операциялары бойынша оң баланс 6,4 млрд. АҚШ долл. болып қалыптасты.

2010 жылғы 2-тоқсанда банктердің сыртқы міндеттемелерін қайта құрылымдауға байланысты операциялар жалғастырылды. «Альянс Банк» АҚ-ның бұрын кешірілген 2,5 млрд. АҚШ долл. борышына қоса сыртқы кредиторлардың 0,6 млрд. АҚШ долл. болатын «Темірбанк» АҚ борышының бір бөлігін жоюы (кешіруі) капиталмен операциялар шоты

бойынша өсімнің 2010 жылғы 1-жартыжылдықта тұтастай алғанда 3,1 млрд. АҚШ долл. дейін өсуіне себепші болды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының, банктердің және басқа секторлардың портфельдік активтерінің өсуі Ұлттық Банктің ноталарын резидент еместердің өтеуі мен сатуымен қатар алдыңғы тоқсандағы 4 млрд. АҚШ долл. болатын таза әкелудің орнына 2010 жылғы 2-тоқсанда 2,5 млрд. АҚШ долл. портфельдік инвестициялар бойынша теріс сальдоға әкелді, бұл қазақстандық банктердің арнайы мақсаттағы кәсіпорындарының еурооблигациялары бойынша (3,7 млрд. АҚШ долл.) эмитентті ауыстырумен және «Альянс Банк» АҚ-ның міндеттемелерді қайта құрылымдау мақсатында еурооблигацияларды шығаруымен байланысты. Нәтижесінде портфельдік инвестициялар бойынша нетто-әкелу тұтастай алғанда 2010 жылғы 1-жартыжылдықта 1,5 млрд. АҚШ долл. болып қалыптасты.

«Альянс Банк» АҚ және «Темірбанк» АҚ жалпы сомасы 3,8 млрд. АҚШ долл. болатын ұзақ мерзімді несиелері бойынша берешектерін қайта құрылымдау, еурооблигациялар бойынша эмитентті ауыстыру (3,7 млрд. АҚШ долл.), сондай-ақ 2010 жылғы 2-тоқсанда «БТА Банк» АҚ мерзімі өткен берешегінің 2,2 млрд. АҚШ долл. өсуі (төлем балансында басқа қысқа мерзімді міндеттемелер болып жіктелген) банктердің басқа инвестициялар бойынша 9,9 млрд. АҚШ долл. ұзақ мерзімді міндеттемелерінің азаюының көп бөлігін құрады.

Жалпы сыртқы борыш (ЖСБ). Қазақстан Республикасының жалпы сыртқы борышы 2010 жылғы 1-жартыжылдықта фирмааралық берешекті қоспағанда 3,7 млрд. АҚШ долл. төмендеді және 2010 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша 59,4 млрд. АҚШ долл. құрады. Бұл, негізінен банк секторының сыртқы борышының төмендеуімен қамтамасыз етілді. Сонымен қатар осы кезеңдегі резиденттердің фирмааралық берешегінің 5,1 млрд. АҚШ долл. өсуі жалпы сыртқы борыштың өсуін қамтамасыз етті. Нәтижесінде елдің жалпы сыртқы борышы (фирмааралық берешекті есепке ала отырып) 2010 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша 114,6 млрд. АҚШ долл. құрады, оның ішінде фирмааралық берешек 48%-дан астам, банктердің сыртқы міндеттемелерінің үлесі («Қазақстанның Даму Банкі» АҚ қоса алғанда) 22%-ға жуық болды.

2010 жылғы 1-жартыжылдықта сыртқы борыштың көлемі салыстырылатын тауарлар мен қызмет көрсету экспорты (ТҚЭ), сондай-ақ ЖІӨ көлемдерінің өсуімен 2010 жылғы 30 маусымда ЖСБ-ның фирмааралық берешекті есептемегендегі ЖІӨ-ге қатынасы 55%-дан 46,5%-ға дейін төмендеді (жылдың басында), ал ТҚЭ-на қатысты 98,1% болды (2009 жылдың аяғында – 130,8%). Фирмааралық берешекті ескергендегі ЖСБ-ның ЖІӨ-ге қатынасы 98,6%-дан 89,6%-ға дейін (жыл басына) төмендеді, ал ТҚЭ-ға қатысты 189,1%-ға дейін (2009 жылдың аяғында 234,6%) төмендеді.

3. Халықаралық резервтер және ақша агрегаттары

2010 жылғы қыркүйекте Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 27,3 млрд. АҚШ долл. дейін 3,4% өсті (жыл басынан бері – 21,1% өсті). Үкіметтің сыртқы борышына қызмет көрсету жөніндегі операциялар және банктердің Ұлттық Банктегі шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарындағы қалдықтардың төмендеуі валютаның Үкіметтің Ұлттық Банктегі шоттарына түсуімен және ішкі валюта нарығында валютаны сатып алумен бейтараптандырылды. Нәтижесінде, таза валюта қорлары (ЕАВ) 2010 жылғы қыркүйекте 3,1%-ға, алтындағы активтер 6,3%-ға өсті.

2010 жылғы қыркүйекте тұтастай алғанда елдің халықаралық резервтері Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтерін (29,3 млрд. АҚШ долл.) қоса алғанда 3,3% өсті және 57,1 млрд. АҚШ долл. (жыл басынан бері – 20,4% өсті) болды.

Ақша базасы 2010 жылғы қыркүйекте Ұлттық Банктің таза сыртқы активтерінің өсуі есебінен 0,3% кеңейді және 2529,9 млрд. теңге (жыл басынан бері – кеңейі 3,2%) болды. Тар ақша базасы, яғни екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі мерзімді депозиттерін есептемегендегі ақша базасы 2162,2 млрд. теңгеге дейін 0,2% тарылды.

2010 жылғы тамызда ақша массасы банк жүйесінің таза сыртқы активтерінің өсуі есебінен 8424,7 млрд. теңгеге дейін 0,3% өсті (жыл басынан бері – 12,5% өсті).

2010 жылғы тамызда айналыстағы қолма-қол ақша көлемі 0,2% азайды және 1069,8 млрд. теңге (жыл басынан бері – 17,1%-ға өсті) болды, банк жүйесіндегі депозиттер 7354,8 млрд. теңгеге дейін 0,3% өсті (жыл басынан бері – 11,9%). Айналыстағы қолма-қол ақша көлемінің азаюы аясында депозиттердің өсуі ақша массасының құрылымындағы депозиттер үлесінің 2010 жылғы шілдедегі 87,2%-дан 2010 жылғы тамыздың қорытындылары бойынша 87,3%-ға дейін өсуіне себепші болды.

Ақша базасының сығымдалуы аясында ақша массасының өсуі салдарынан ақша мультипликаторы 2010 жылғы шілдедегі 3,23-тен 2010 жылғы тамызда 3,34-ке дейін өсті.

4. Валюта нарығы

2010 жылғы қыркүйекте теңгенің АҚШ долларына бағамы 1 АҚШ доллары үшін 147,16-147,57 теңге диапазонында өзгерді. 2010 жылғы қыркүйекте теңге 0,2% әлсіреді және айдың аяғында теңгенің биржалық бағамы бір АҚШ доллары үшін 147,57 теңге болды.

Қазақстан Қор биржасындағы биржалық операциялар көлемі қосымша саудасаттықтағы мәмілелерді ескере отырып 2010 жылғы тамызбен салыстырғанда 13,4%-ға төмендеп, 5,1 млрд. АҚШ долл. болды (жыл басынан бері – 43,9 млрд. АҚШ долл.)

Биржадан тыс валюта нарығында операциялар көлемі 27,1% азайды және 3,4 млрд. АҚШ долл. құрады (жыл басынан бері – 40,7 млрд. АҚШ долл.).

5. Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы

2010 жылғы қыркүйекте Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарын орналастыру бойынша 6 аукцион болды. Оларға 9 айлық МЕККАМ (14,8 млрд. теңге), 3 жылдық МЕОКАМ (8,1 млрд. теңге), 5 жылдық МЕОКАМ (10 млрд. теңге), 7 жылдық МЕУКАМ (10 млрд. теңге), 10 жылдық МЕУКАМ (18 млрд. теңге), 9 жылдық МЕУЖКАМ (17 млрд. теңге) орналастырылды.

Орналастырылған бағалы қағаздар бойынша тиімді кірістілік 9 айлық МЕККАМ бойынша 1,69%, 3 жылдық МЕОКАМ бойынша 3,53%, 5 жылдық МЕОКАМ бойынша 4,85%, 7 жылдық МЕУКАМ бойынша 5,69%, 10 жылдық МЕУКАМ бойынша 5,80%, 9 жылдық МЕУЖКАМ бойынша кірістілік инфляция деңгейінен 0,01% жоғары болды.

Қаржы министрлігінің айналыстағы бағалы қағаздарының көлемі өткен айдағымен салыстырғанда 2,8%-ға ұлғайып, 2010 жылғы қыркүйектің аяғында 1634,7 млрд. теңге болды.

Қазақстан Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноталары. Ұлттық Банк ноталарының эмиссия көлемі 2010 жылғы тамызбен салыстырғанда 2010 жылғы қыркүйекте 46,4% азайды және 191,9 млрд. теңге болды.

Қысқа мерзімді ноталардың кірістілігі 2010 жылғы тамыздағы 1,15%-дан 2010 жылғы қыркүйекте 1,16%-ға дейін артты.

Айналыстағы ноталардың көлемі 2010 жылғы тамызбен салыстырғанда 2010 жылғы қыркүйектің аяғында 4,4% ұлғайды және 1014,4 млрд. теңге болды.

6. Депозит нарығы

Резиденттердің депозиттік ұйымдардағы салымдарының жалпы көлемі 2010 жылғы тамызда 7354,8 млрд. теңгеге дейін 0,3% өсті (жыл басынан бастап 11,9%-ға). Заңды тұлғалардың депозиттері 5311,5 млрд. теңгеге дейін 0,5% ұлғайды (жыл басынан бастап 13,5%), жеке тұлғалардың салымдары 2043,3 млрд. теңгеге дейін 0,1% төмендеді (жыл басынан бастап 7,9% өсті).

2010 жылғы тамызда шетел валютасындағы депозиттердің көлемі 2857,7 млрд. теңгеге дейін 1,0% төмендеді, ұлттық валютадағы депозиттер 4497,1 млрд. теңгеге дейін 1,2% ұлғайды. Теңгедегі депозиттердің үлес салмағы 2010 жылғы шілдемен салыстырғанда 2010 жылғы тамызда 60,6%-дан 61,1%-ға дейін көтерілді.

Халықтың (резидент еместерді қоса алғанда) банктердегі салымдары 2010 жылғы тамызда 2096,5 млрд. теңгеге дейін 0,1% төмендеді (жыл басынан бастап 8,3% өсті). Халықтың салымдары құрылымында теңгедегі депозиттер 1107,1 млрд. теңгеге дейін 0,5% ұлғайды, шетел валютасындағы депозиттер 989,4 млрд. теңгеге дейін 0,7% төмендеді. Нәтижесінде теңгедегі депозиттердің үлес салмағы 52,5%-дан 52,8%-ға дейін өсті.

2010 жылғы тамызда банктік емес заңды тұлғалардың тартылған теңгедегі мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 2,7%-дан 2,1%-ға дейін төмендеді, ал жеке тұлғалардың салымдары бойынша 8,6%-дан 9,8%-ға дейін ұлғайды.

7. Кредит нарығы

Банктердің экономиканы кредиттеуінің жалпы көлемі 2010 жылғы тамызда 7451,4 млрд. теңгені құрай отырып, іс жүзінде өзгерген жоқ (жыл басынан бастап 2,5% төмендеді).

Ұлттық валютадағы кредиттердің көлемі 2010 жылғы тамызда 4075,3 млрд. теңгеге дейін 1,0% өсті, шетел валютасындағы кредиттердің көлемі 3376,1 млрд. теңгеге дейін 1,3% төмендеді. Теңгедегі кредиттердің үлес салмағы 2010 жылғы шілдемен салыстырғанда 2010 жылғы тамызда 54,1%-дан 54,7%-ға дейін өсті.

Ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді кредиттеу 2010 жылғы тамызда тиісінше 6261,9 млрд. теңгені және 1189,6 млрд. теңгені құрай отырып, іс жүзінде өзгерген жоқ. Нәтижесінде ұзақ мерзімді кредиттердің үлес салмағы 2010 жылғы тамызда өткен айдың деңгейі - 84,0% деңгейде қалды.

Заңды және жеке тұлғаларға кредиттер 2010 жылғы тамызда тиісінше 5332,5 млрд. теңгені және 2118,9 млрд. теңгені құрай отырып, өзгеріссіз қалды. Жеке тұлғаларға кредиттердің үлес салмағы 2010 жылғы шілдедегі деңгейде (28,4%) қалды.

Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне кредиттердің көлемі 2010 жылғы шілдемен салыстырғанда 2010 жылғы тамызда 1728,2 млрд. теңгеге дейін 0,3% төмендеді (жыл басынан бастап 1,2% өсті), бұл экономикаға кредиттердің жалпы көлемінің 23,2% құрайды.

Банктердің экономикаға кредиттерінің неғұрлым айтарлықтай сомасы салалар бойынша алғанда экономиканың сауда (жалпы көлемдегі үлесі - 23,2%), құрылыс (18,9%), өнеркәсіп (9,8%) және ауыл шаруашылығы (4,0%) сияқты салаларына тиесілі болды.

2010 жылғы тамызда банктік емес заңды тұлғаларға ұлттық валютамен берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 2010 жылғы шілдедегі – 13,7% деңгейде қалды, ал жеке тұлғалар бойынша – 19,1%-дан 19,8%-ға дейін көтерілді.